

**«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» оқу-әдістемелік кеңесінің**

**ХАТТАМАСЫ №5**

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**Күні: 18.02.2022 жылы**  
**сағат: 15.00**

1. Университеттегі бастауыш білім беру және мектепке дейінгі білім беру кадрларын педагогикалық даярлау мәселелері (Утешкалиева А.М. – «Мектепке дейінгі және бастауыш білім бөлімі» кафедрасының меңгерушісі)
2. «Бизнес және менеджмент» бағыты бойынша кадрларды даярлауда оқу үдерісіне жұмыс берушілер мен кәсіби практиктердің қатысуы туралы (Сабинова Р.К., Уталиева Р.С., Кенжеғалиева З.Ж. – «Экономика және құқық» факультеті кафедраларының меңгерушілері)
3. Дуалды оқыту элементтері бар жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жаңарту және алып тастау туралы (Сулейменова Ж.У. - ББ академиялық сапасын арттыру және ДКЕ кеңесінің басшысы)
4. 2021-2022 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясының қорытындысы туралы (Куккузова Э.И. – тіркеу кеңесінің басшысы)
5. Өртүрлі мәселелер
- 5.1 .Университет профессор-оқытушы құрамының оқу, оқу-әдістемелік құралдарын 2021-2022 оқу жылы баспаға шығару жоспары.

Баяндамашы: Оқу-әдістемелік басылымдардың, оқулықтардың, құралдардың сапасын қамтамасыз ету жұмыс тобының жетекшісі Абыканова Б.Т.

Оқу-әдістемелік кеңестің отырысын кеңес төрағасы А.Е.Чукуров күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. 1-мәселе «Университеттегі бастауыш білім беру және мектепке дейінгі білім беру кадрларын педагогикалық даярлау мәселелері» тақырыбымен «Мектепке дейінгі және бастауыш білім бөлімі» кафедрасының меңгерушісі Ақмарал Мәдениетқызы Утешкалиеваға сөз беретінін айтты. Ол кафедрасының штаттық құрылымы мен ғылым дәрежесі, ғылыми бағыты бойынша сөйледі. Білім алушылардың биылғы оқу жылының контингенті туралы, студенттермен жасалған жұмыстар, жалпы жетістіктеріне тоқталды. Кафедраның мықты жақтары деп студенттердің оқуға түсуі, үлгерім және бітіру туралы қолжетімділігі, білім беру ұйымдарындағы оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйесінің болуы, қолдау, әлеуметтік қамсыздандыру және студенттерді қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстың болуы, мамандық бойынша түлектерді жұмысқа орналастыруға және кәсіби практикасын ұйымдастыруға қатысты қаладағы және облыс аудандарындағы жұмыс берушілермен тұрақты байланыс деп басқа да мықты жақтарына тоқтала отырып, кафедраның әлсіз жақтарына тоқталды. Олар мысалы, әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамыған базасы, академиялық ұтқырлық арқылы басқа жоғары оқу орындарынан білім алушылардың тартудың жеткіліксіздігі, студенттердің халықаралық бағдарламаларға, конкурстарға, жобаларға белсенді қатыспауы да педмаман даярлаудағы біздің негізгі кемшілігіміз деді. Осы әлсіз жақтарымен болашақта жұмыс жасауды қолға аламыз деп ойлаймын деді. Мүмкіндік бар, жасалатын жұмыс жоқ деді баяндамашы. Жалпы осы мәселе бойынша ол өз ұсынысын да айтты: кітапханада оқулықтың аздығы, аудиториядағы көрнекі құралдардың жоқтығы да біздің жұмыстың нәтижесінің төмендігіне әкеліп соқтырады деп, қауіп-қатерін айтып өтті.

Асхат Ералыұлы сұрақ қойды.

- Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасында екі мамандықта контингент неге түсіп барады?

Жауап:

- Оқуға түсу үшін 75 балл өте үлкен. Тапсыра алмайды балалар.  
«Психология» кафедрасының аға оқытушысы Қарас Оржанұлы сұрақ қойды:
- Әкім грантына неге тартпайсыздар? Толық мүмкіндік бар еді ғой.

Жауап:

- Балалар мұғалім болғысы келмейді. Тіпті грантта оқып жатырған білім алушыларымыз ақшасын кейін тапсырып жатырғандар бар. Жұмысты жандандырамыз.

«Бизнес және менеджмент» бағыты бойынша кадрларды даярлауда оқу үдерісіне жұмыс берушілер мен кәсіби практиктердің қатысуы туралы «Экономика және құқық» факультеті кафедраларының меңгерушілері Сабирова Р.К., Уталиева Р.С., Кенжегалиева З.Ж. сөйледі.

«Экономика» кафедрасының меңгерушісі Рысты Қуандыққызы сөйледі. Ол кафедрада бизнес - құрылымдармен ғылыми және өндірістік байланыстарды кеңейту мақсатында бірқатар жұмыстар атқарып келеді. Солардың ішінде келесідей бағыттарды атап өтсек:

1-бағыт: Кафедра филиалдарының жұмыс жасауы

2-бағыт: Оқу үдерісіне көп жылғы тәжірибесі бар мамандар мен озық табысты кәсіпкерлерді тарту

3- бағыт: БББ талқылауға практиктердің қатысуы, өздерінің ұсыныстарын беруі

4-бағыт. Қонақ дәрістерін ұйымдастыру жөнінде қысқаша мәліметтерді берді. ІУ курс білім алушылары үшін жаңа білім бағдарламасын енгізуді жоспарлап отырмыз деді. Сонымен бірге білім алушылардың практикадан өтудегі туындаған қиындықтарды атап өтті. Мысалы, АНПЗ біздің балаларды практикаға қабылдамайды. Келісімшарт керек деді. Атыраужарықта да практикадан өтуде қиындық туындайды. Практикаға таныс арқылы жұмылдырамыз.

Осы мәселе жөнінде «Құзыреттілік, қайта даярлау және мансапты жоспарлау кенесінің» басшысы Султанова Зумрат Ғабитқызы сөйледі. АНПЗға барып, келісімшарт мәселесін шешуіміз керек деді. Микроқаржыландыру компаниялармен меморандум жасалып жатыр. Ал банктардан практикадан өту қиындық тумады, себебі РБК банкпен келісімшартқа қол қойылды. Мәселе шешілді деді.

Менеджмент кафедрасының меңгерушісі Райхан Сағытжанқызы 2021-2022 оқу жылына 6B04102-Саладағы менеджмент, 6B04103-Экономика және мемлекеттік басқару оқу бағдарламалары бойынша кадрларды даярлауда оқу үдерісіне қосалқы қызметкер ретінде, келесі жұмыс берушілер мен кәсіби практиктер шақырылғанын айта отырып, атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Бүгінгі күні ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті 5B051000- Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 4 курс студенттерін өндірістік тәжірибеден өтуіне ықпалын тигізуде. Біз үшін осы үлкен көмек деді. Практика жөнінде мәселені осы агенттік арқылы шешіп отырмыз. Мемлекеттік қызметкер мен менеджмент мамандықтарының практикасында да үлкен мәселе болған-ды. Зумрат Ғабитовна обл әкімшілікпен меморандум жасалғанын айтты.

«Психология» кафедрасының аға оқытушысы Қарас Оржанұлы сұрақ қойды:

- Тек обл әкімшілік демей, өз аудандарындағы аудандық әкімшілікке де жіберуге де бола ма?

Жауап:

- Әрине болады. Бірақ біздің студенттердің көпшілігі – қаладан. Сондықтан қалалық әкімшіліктен де практикадан өтуге жұмылдырамыз деді Райхан Сағытжанқызы

Зита Жаңабайқызы Кенжеғалиқызы «Қаржы және есеп» кафедрасы бойынша кадрларды даярлауда оқу үрдісіне жұмыс берушілер мен кәсіби практиктердің қатысуы туралы ақпарат берді. Бұл кафедрада да басты мәселе білім алушылардың практикадан өтуі болды.

Қарас Оржанұлыдан сұрақ: біздің бухгалтерия қызметкерлерін дәріс беруге не практикалық сабақ өткізуге болмай ма екен?

Жауап:

- Болады, бірақ бухгалтериядағы әріптестердің оқытушылық талапқа сай білімі жоқ. Сондықтан оларға сағат бере алмаймыз деді.

Келесі мәселе «Дуалды оқыту элементтері бар жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жаңарту және алып тастау туралы» жөнінде білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету кеңсесінің басшысы Жанар Оразқызы Сулейменова сөйледі.

Университетте бакалавриаттың 56 білім беру бағдарламасы және магистратураның 44 ББ бойынша дайындық жүзеге асырылады. Оның ішінде бакалавриат бағыттары бойынша деп бакалавриаттар бойынша бақыттар аталды. Білім беру бағдарламаларының тізіліміне 100 ББ енгізілді. Соңғы екі жылда білім беру бағдарламаларын жаңартуға 74 өтінім берілді, оның ішінде 2021-2022 оқу жылында 20 өтінім бойынша оң мақұлдау алынды (мақұлданды), 13 қарау сатысында, 2 Оператор пысықтауға жіберді дей келе ол жұмыс әлі жалғасын тауып жатырғандығына тоқталды. Дуальді оқыту элементтері бар білім бағдарламаларына тоқталды баяндамашы, олар: тарих, логопедия, педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері, бастауыш білім беру деңгейінің педагогы, журналистика, бизнес-процестерді есепке алу, аудит және талдау, стандартизация и сертификация, қолданбалы экология. Біз болашақта қандай ББ-ны "дуалды" деп көреміз деп, болашақтағы білім бағдарламасын да атап өтті. Олар: психология, ихтиология және балық шаруашылығы және туризм және сервис.

Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөнінде де тоқталды. Мысалы, келесі оқу жылына 2022 жылы тізілімге әзірлеу және енгізу жоспарлануда деп жаңа білім бағдарламасын да атап өтті. Мысалы, Data Engineering (бакалавриат), Биология және биотехнология (бакалавриат), Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі Қазақ тілі мен әдебиеті (бакалавриат), Экоаналитика (бакалавриат), Медицинадағы Менеджмент (магистратура), Химия (білім) (магистратура). Бұл білім бағдарламалары жобалау кезеңінде деп баяндамашы өз сөзін аяқтады. Куккузова Э.И. – тіркеу кеңсесінің басшысының 2021-2022 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясының қорытындысы туралы тыңдалды.

Әртүрлі мәселелерде университет профессор-оқытушы құрамының оқу, оқу-әдістемелік құралдарын 2021-2022 оқу жылы баспаға шығару жоспары туралы оқу-әдістемелік кеңес мүшесі Б.Т.Абыканова сөйледі. Ол оқу-әдістемелік кеңестен университетіміздің Ғылыми кеңесінен «Музыка және өнер» кафедрасы аға оқытушысы С.С.Әжікен және осы кафедра оқытушысы М.Р.Ғабдиевтің "Орта мектептің музыка сабағына арналған әндер хрестоматиясы" атты әдістемелік оқу құралын баспаға жіберуін сұрап, оң пікір білдірілген сын пікірлер (екі сын пікір) жалғанған және оқу-әдістемелік құрал антиплагиат жүйесінен өткен деп атап өтті.

Кеңес соңында кеңес төрағасы А.Е.Чукуров күн тәртібіндегі қаралған мәселелер жөнінде қорытынды жасалды.

### Оқу-әдістемелік кеңесі шешім етеді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, "Педагог" кәсіби стандартына сәйкес "Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері" білім беру бағдарламасын жаңарту ұсынылсын.
2. Университеттің жұмыс берушілермен ынтымақтастығын кеңейту және "Экономика және құқық" факультетінің кафедраларымен практикалық бағыттылығын күшейту мақсатында жұмыс берушілер ББ, элективті пәндер каталогтарын әзірлеу және рецензиялау; қонақ дәрістерін өткізу сияқты оқу және оқу-әдістемелік жұмысқа тартылсын және әріптес ұйым өкілінің білім алушыларды қорытынды аттестаттауға қатысуын тәжірибеге енгізілсін. "Бизнес және басқару" даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары рейтингінің қорытындыларын талдау жұмыстары жүргізіліп, күшейтілсін
3. ББАСА және ДҚЕО кеңсесінің жаңа / инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу процесін әдістемелік қолдау бойынша жұмысты жандандыру. 2022 жылдың мамыр айына дейін білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге арналған әдістемелік семинар өткізілсін.
4. «Музыка және өнер» кафедрасы аға оқытушысы С.С.Әжікен және осы кафедра оқытушысы М.Р.Ғабдиевтің "Орта мектептің музыка сабағына арналған әндер хрестоматиясы" атты әдістемелік оқу құралын баспаға шығару үшін ғылыми кеңеске ұсынылсын.

Ұсыныстар бірауыздан қабылданды.

Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы:

Хатшы:

  


А. Чукуров

Г. Нұрсұлтанова